

2023 жылға Түркістан облысы Сарыагаш ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 377 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 240 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 14.08.2023 № 240 (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, 27 бабының 2), 3), 4) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) бұйрығына сәйкес Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. 2023 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. 2023 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. 2023 жылға Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеуде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26 бабы 2 бөлігі 3-тармағының талаптары қатаң сақталсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Сарыагаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін үақытша атқарушы

Н.Талипов

Сарыагаш ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 07 желтоқсандағы
№ 377 қаулысына 1-қосымша

2023 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атаяу	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Сарыагаш аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2185	1%	22
2	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыагаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№27 Шәкәрім атындағы	170		2

	жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі		1%		
3	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№75 Ж.Жабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	128	1%	1	
4	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№1 М.Әуезов атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	196	1%	2	
5	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№61 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	154	1%	2	
6	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№2	112		1	

	А.Сүлейменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі		1%	
7	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыагаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№4 Ю.Гагарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	138	1%	1
8	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыагаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№10 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	152	1%	2
Барлығы		3235		33

Сарыагаш ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 07 желтоқсандағы
№ 377 қаулысына 2-косымша

2023 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атаяу	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	"Сарыагаш" Емдеу-оңалту кешені"	351		4

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1%	
Барлығы	351	4

Сарыагаш ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 07 желтоқсандағы
№ 377 қаулысына 3-косымша

**2023 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе
ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып
табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс
орындарына квота**

№	Үйымның атаяу	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыагаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№38 М.Макатаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	1%	1
2	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының " Сарыагаш аудандық орталық ауруханасы 2185 " шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2185	1%	22
	Барлығы	2304		23

